

Ахмет Байтұрсынов «Екі шыбын» мысал өлеңі

7.Т/А 3. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу.

7.Ж 4. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу.

Барлық оқушылар: мысал өлеңнің мазмұнын біледі; кейіпкерлерін атайды; жетекші сұрақтарға жауап береді; сурет салады;

Оқушылардың басым бөлігі: шығарма идеясын анықтайды; тапсырмаларды орындайды; өзіндік көзқарасын білдіреді.

Кейбір оқушылар: Сыни көзқарас танытады; Эссе жұмысын жүйелі, нақты, дәлелдеп жазады.

Белсенді оқыту тәсілдері:

- **Тренинг: «Жыланша»**
- **Топқа бөлу: «Пазл» әдісі**
- **Үй жұмысы: «Сиқырлы алаң» әдісі**
- **Ой қозғау «Болжау» стратегиясы: «Екі шыбын»**
- **«Қос құты» диаграммасы**
- **«ПОПС» формуласы** → **Кері байланыс: Мысал саған қандай әсер етті? (ауызша)**
- **«Санадағы кинофильм» стратегиясы** → **ҚБ: «Бас бармақ»**
- **Эссе жұмысы: “Қазақты оянсын деп сөзбен шақтым”** → **ҚБ: «Шың мен шыңырау»**
- **Ойды түртіп алу кезеңі: «5-5-1» стратегиясы** → **Кері байланыс: «Бағдаршам» әдісі.**

Саралау тапсырмасы:

Жұптық жұмыс:

1. Мысалдағы ұнатқан кейіпкеріңнің суретін сал.
2. Шығарма идеясын анықта. Анықтаған идеяңызды «ПОПС» формуласы бойынша жазбаша түсіндір.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, мысалдағы басты идея - ...»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...»

Үшінші сөйлем: «Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

3. «Санадағы кинофильм» стратегиясы. Оқиганы көз алдыңа елестетіп, бір-бірлеріңе әңгімелеңдер.

ҚБ: «Бас бармақ»

Эссе жұмысы (жеке жұмыс):

Ойлау деңгейі: түсіну, қолдану, жинақтау.

Бағалау критерийі:

- Эссенің құрылымы мен даму желісін сақтай отырып, жазу.
- Өз көзқарасын білдіру.

Тапсырма: «Қазақты оянсын деп сөзбен шақтым» тақырыбына эссе жазу (50 сөз).

Дескриптор:

- Эссенің құрылымын сақтайды.
- Сөйлемдерді жүйелеп жазады.
- Өзіндік ойын дәлелдейді.
- Сауатты жазады.

ҚБ: «Шың мен шыңырау»